

АБАЙ ОБЛЫСЫ
АЯГӨЗ АУДАНЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ



ОБЛАСТЬ АБАЙ
АКИМАТ
АЯГОЗСКОГО РАЙОНА

ҚАУЛЫ

2025 жылғы 3 қараша
Аягөз қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 367
город Аягөз

«Тарбағатай кені» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жер учаскесіне
қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы № 442 Жер Кодексінің 17 бабының 1-1) тармағын, 67, 69 баптарын, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 1 тармағының 10) тармақшасын басшылыққа ала отырып, «Тарбағатай кені» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2025 жылғы 24 қазандағы № ЗТ-2025-03748682 аудан әкіміне жазған өтініші, қатты пайдалы қазбаларды барлауға арналған 2025 жылғы 14 қазандағы №3727-ЕЛ лицензиясы негізінде, Аягөз ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Тарбағатай кені» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Абай облысы, Аягөз ауданынан жалпы көлемі 3200,0 га жер учаскесін қатты пайдалы қазбаларды барлауға арналған жұмыстарын жүргізу үшін 2031 жылдың 14 қазанға дейін уақытша қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Барлау жұмыстары жер учаскесінің топырақ қабатын бұзумен байланысты жүргізілген жағдайда, «Тарбағатай кені» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қатты пайдалы қазбаларды барлауға арналған лицензияның колданысы тоқтатылғаннан кейін алты айдан кешіктірмей барлау жөніндегі операциялардың салдарын жоюды аяқтауға міндеттелсін.

3. Пайдалы қазбаларды барлау немесе геологиялық зерттеу жөніндегі операцияларды жүргізу мақсаттары үшін жария сервитут белгіленген жағдайда, көзделген төлемақыны төлеу және (немесе) көзделген залалдарды өтеу тиісті жер қойнауын пайдаланушы есебінен жүргізілсін.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары О.Бекбаевқа жүктелсін.

Аудан әкімінің міндетін атқарушы

А.Нугымаров

001978

КӨШІРМЕ
№ 2 А.Н. Нугымаров ДАНА

